

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітаптың 1983 жылы шыққан алғашқы басылымы авторлардың ұзақ жылғы бірлесіп жасаған еңбегінің нәтижесі еді. Біз жұмысты 1970 жылдардың соңында бастадық. Ол кездері қолданбалы этнография саласы бойынша бірді-екілі әдебиет қана болатын. Біздің кітабымыз осы олқылықтың орнын толтырған еңбектердің бірі болды. Бұған дейін бірқатар ықпалды оқулықтар болғанымен, олардың ешқайсысы этнографияның практикасы мен теориясына кіріспе ұсына алмаған еді. Ал біздің этнография жайындағы түсінігіміз Ансельм Стросс және Джон Лофленд сынды авторлардың еңбектеріне негізделді. Осы кезеңге дейін жарияланған монографияларға нақты мәселелерге бағыт беретін әдіснамалық қосымшалар да қосылды. Этнографиялық жұмысқа байланысты зерттеу стратегиялары мен интеллектуалдық ұстанымдарға қатысты ортақ көзқарасымызды бір жерге шоғырландырып, дереккөздер мен мысалдарды мүмкіндігінше көбірек пайдаландық.

Еңбектің бірінші басылымы жарық көрген кезде девиация, білім беру, медицина және еңбек қатынастарын зерттеу секілді маңызды салаларда этнографиялық зерттеулердің ықпалды бағыттары болды. Алайда әлеуметтік ғылымдардың көптеген саласында (әлеуметтік антропологияны қоспағанда) этнографияға деген ықылас жеткіліксіз еді. Сонымен қатар антропологтар этнографияның құндылығын қалыпты жайт ретінде қабылдағандықтан, оның зерттелуі мен сипатына аса мән бермеді.

Соңғы 35 жылда көп нәрсе өзгерді. Әдіснамалық мәтіндердің көлемі жылдан-жылға артып келеді. Алайда әр елде әртүрлі сипатта жүргізілуіне қарай, этнография тарихы мен сапалық зерттеулерге қатысты нарративтер әрқилы болды (Burawoy және т.б., 2000: кіріспе; Weber, 2001; Denzin және Lincoln, 2005: кіріспе; Hammersley, 2004a; McCall, 2006). Тіпті кітаптың екінші басылымы жарыққа шыққан 1995 жылдың өзінде әдіснамалық бағдар да айтарлықтай өзгерген еді. Бұл кезеңде әдіснама туралы көптеген оқулықтар жарық көріп, бірқатар мақалалар жарияланған. Осылайша

әлеуметтік ғылымдар «әдіснамалық бетбұрысты» басынан өткергендей болды. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі магистранттар мен докторанттарға әлеуметтік зерттеу әдістері оқытыла бастады. Зерттеу әдістеріне ерекше қызығушылық тудыратын бағыт, сондай-ақ әлеуметтік сала ғалымдарының шеберлік дағдыларын шыңдайтын негіз ретінде қарауға мүмкіндік туды. Бұл тренд 2000 жылдары да жалғасты. Зерттеуді қаржыландыру магистратура мен докторантурада оқуға және постдокторлық зерттеу жүргізуге жағдай туғызып, коммерциялық баспалармен бірлесіп жұмыс істеу нәтижесінде әдіснамалық оқулықтар мен мақалалардың саны таңғаларлық деңгейге жетті.¹

Қазіргі уақытта «сапалық зерттеулер» деп аталатын салада сан түрлі зерттеу стильдері мен стратегиялары қамтылады. Зерттеудің мұндай түрі әлеуметтану, мәдениеттану және медиатану, мәдени география, педагогикалық және ғылыми зерттеулер, денсаулық сақтау және күтім жасау саласындағы зерттеулер, кәсіпкерлік және басқару саласындағы зерттеулердің басты ерекшелігіне айналды. Онда әртүрлі әдістің: іштен бақылау, жеке және топтық сұхбаттар, фокус-топтар, визуалды әдістер, конверсациялық және дискурстық талдау әдістері және т.б. қолданылуы қарастырылды. Сапалық зерттеу мамандары әзірлеген фотографиялық және визуалды әдістер (Pink, 2013), нарративтік талдау әдістері (Riessman, 1993, 2008), түрлі сұхбат жүргізу (Gubrium және Holstein, 2012), құжаттық дереккөздерге сапалық талдау жүргізу (Prior, 2003; Grant, 2019) және виртуалды әлеуметтік шынайылықты зерттеу (Hine, 2000, 2015) тәрізді зерттеу әдістері қамтылған кәсіби әдебиет жарық көрді.

Әлеуметтік және мәдени пәндер арасындағы «сыни» зерттеулер, пост-модернизм, феминизм, постколониализм және постгуманизм секілді әртүрлі ағымдармен үйлесімі сапалық зерттеулердің маңызын арттырды. Кейде сапалық зерттеулер маргиналды және езілген топтардың мүддесін білдіргені және ықпалды топтарды сынағаны үшін саяси және этикалық құнды еңбектер тұрғысында насихатталады. Сапалық зерттеулер *аясындағы* инновация, жаңару және парадигма өзгерісі оның дамуымен қатар жүреді.

Сапалық зерттеулерге қатысты осындай еңбектердің көбеюі және олардың мәнінің әрі танымалдығының артуына байланысты этнографтардың соңғы уақыттағы тегеурінді мәлімдемелерін ескере отырып, кітабымыздың төртінші басылымын қазіргі уақыттағы әдіснама тұрғысынан ұсынуды жөн көрдік. Біріншіден, сапалық зерттеулер мен этнография өзара тығыз байланысты болса да, еңбекте этнографияға баса назар аударылады. Әртүрлі әдістер қолданылатын далалық зерттеулерге, әсіресе іштен бақылауға

¹ Қараңыз: <https://martynhammersley.files.wordpress.com/2013/03/review-of-the-field-of-methodological-texts11.doc>.

ерекше көңіл бөлінеді. «Әлеуметтік әлемдердегі» іштен бақылаудың және сол әлеммен тікелей қарым-қатынаста болудың маңызын дәлелдеу үшін зерттелетін қауымдастықтар немесе оқшауланған халықтар тұрғысынан тым қарапайым ойлаудың да, «әлеуметтік әлемдерді» тану туралы романтикалық көзқараста болудың да қажеті жоқ (Delamont, 2004; Atkinson, 2015).

Этнографияға жасалған бірқатар шолу көрсеткендей, бұл – сан алуан тәсілдерден тұратын қалтарыс-бұлтарысы көп, икемді сала.² Бұл жерде қандай да бір үстем көзқарасты таңудан аулақпыз. Қалай болғанда да, этнографиялық зерттеудің басты қасиеті оның икемді болуында әрі жергілікті жағдайлармен үндесуінде жатыр. Алайда біз еңбекте этнографиялық зерттеу дәстүрі мен оның әдіснамалық қағидаларын ерекше атап өтеміз.

Этнографиялық дәстүрдің маңызына мән берумен бірге, әлі де әдіснамалық инновация мен жаңашылдыққа қатысты кең таралған пікірлерге күмәнмен қараудамыз. Алғашқы басылымы 1983 жылы жарық көрген кітаптың төртінші басылымын «жаңарту» барысында көптеген жаңа мысалдар мен оқиғалар қосылды, алайда басылымнан «ескі» дереккөздер мен сілтемелерді де алып тастаған жоқпыз. Бізді «жалпы алғанда, сапалық зерттеулер, оның ішінде этнографиялық зерттеу – әлеуметтік ғылымдар саласындағы жаңа тәсіл» немесе «XX ғасыр бойы өзекті болып келген зерттеу стратегиялары енді қажет емес» деген кең таралған жаңсақ пікірлер қатты алаңдатады. Өткеніне көз жұма қарау ғылыми қауымға бұрыннан таныс жаңалықты қайта ашумен тең, ал белгілі дүниені жаңалық деп ойлау – надандық пен амнезия (Atkinson, Coffey және Delamont, 1999). Біздіңше, көптеген зерттеу ортасындағы ұжымдық жад тым терең емес. Сондықтан да кітабымыздың алдыңғы басылымдарында қамтылған кейбір материалдар қоса берілді. Дегенмен мәтін тұтастай қайта редакцияланып, қажетінше жаңартылды. Сонымен қатар әртүрлі цифрлық медианың этнографиялық зерттеуге ықпалын қарастыратын жаңа тарау қосылды.

Жаңашылдық пен өзгерісті қолдаушылардың ең жарқын өкілдері – Норман Дензин мен Ивонна Линкольн (Denzin және Lincoln, 2018). Қазіргі сапалық зерттеулер саласын қалыптастыруда олардың көмегі зор болды. Авторлардың сапалық зерттеулер бойынша оқу-әдістемелік құралы кең қолданылуымен қатар, сапалық зерттеудің (тиісінше, этнографияның) тарихына түбегейлі өзгерістер әкелуімен есте қалды. Олар «модернистік» көзқарастан «постмодернистік» көзқарасқа дейінгі ұзақ жолдан өте отырып, алшақтық пен өзгеріс қарқынының артуын көрсететін сапалық зерттеулердің нарративтерін құрастырады.

² Мысалы, қараңыз: Atkinson, Coffey, Delamont, Lofland, and Lofland, 2001; Hammersley, 2006, 2018 а.

Өзгерістердің болғаны және болатыны сөзсіз. Олардың кейбірі аса маңызды. Антропологияның алғашқы кезде тигізген ықпалына күмән келтіріліп, толықтырылды, сондай-ақ антропологияның өзі де біршама өзгерістерді бастан кешті. Әлеуметтанудағы этнографиялық еңбектің прагматикалық және интеракциялық негіздері басқа да салалардан алынған идеялармен байытылды. Дегенмен түбегейлі өзгерістердің қажеттігі туралы қазіргі нарративтер асыра сілтеушілікке ұрынады, кейде тіпті оларды қателік деуге де болады. Бұрынғы және қазіргі принциптер мен практика арасындағы айырмашылық көбінесе әсіре үлкейтіліп көрсетіледі, соның әсерінен өткенге қатысты бұрмаланған пікірлердің насихатталатыны рас. «Жаңа» тәсілдерді жақтаймыз деп, басқа да әлеуметтік сала ғалымдарымен қатар, этнографтар да кезігетін әдіснамалық мәселелердің қиындығы мен күрделілігін мойындауға мүмкіндік болмай жатады.

Эксперименттік әдіс пен жалпы сандық әдістердің маңызы кейбір зерттеу салаларында айрықша дәріптеліп жүр. Кейде ол «әдіснамалық фундаментализм» үлгісі деп аталады (Denzin және Giardina, 2006). Сапалық зерттеулер немесе этнография саласы не болмаса олардың нақты түрлері көзсіз дәріптелетін мұндай фундаментализмнен аулақ болғаны дұрыс. Болашақта алдымыздан не күтіп тұрса да, оны еңсеру үшін өткеннен сабақ алып, қазіргі жағдайлар мен жаңа идеяларды ескеруіміз керек. Төртінші басылымды дайындау барысында өткеннің мұрасын сақтау мен жаңа көзқарастар қалыптастыру арасындағы тепе-теңдікті ұстауға талпындық.